

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы



«Мен спортшы боламын!»

*(Салауатты өмір салтын ұстауға боулу. Ашық іс-
әрекет)*

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П
Сулейменова К.А

Шымкент 2021-2022ж

Ашық іс-әрекет

Білім саласы: «Денсаулық», «Қатынас», «Әлеуметтік орта»

Білім бөлімі: Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған орта.

Тақырыбы: «Мен спортшы боламын!»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстауға баулу. Балалардың дене бытымын нығайтып қимылдарын жетілдіру. Спортқа қызығушылықтарын арттыру, балалардың өзара достық қатынаста болуы және жолдастарының жетістігіне қуана білуге тәрбиелеу.

Міндеті: Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен таныстыру, тәсілдерін меңгеру; Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, тепе-теңдік пен шапшаңдық қаблеттерін арттыру.

Өтілетін орны: Таза ауада

Түрі: Эстафеталық ойын.

Ресурстары: Ысқырық, уақыт өлшеуіш, атрибуттар, кедергілер, шығыршықтар, және машинаға тиелген жемістер, қолшатыр, су бетіндегі тастар т.б.

(Алдын-ала дайындалған спорт алаңында балалар шеңбер бойымен әсем әуенмен жүзгіріп келеді)

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн! Денсаулығымыз мықты болу үшін. Барлығымыз көңілімізді көтеріп, спортпен шұғылданып, таза ауада демаламыз.

Тұнық таза ауамыз,
Жақсы бала боламыз.
Денем шмыр болсын деп,
Жаттығуда жасаймыз!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін ауа-райы өте тамаша болып тұр.

-Жылдың қай мезгілі еді?

-Күз мезгілі

Адия: Кездескенсоң күзіммен
Бұтағынан үзілген.
Ай жапырақ сары алтын,
Айналаның бәрі алтын.

-Ал, күз мезгілінде қандай өзгерістерді байқап тұрсыңдар?

-Күз келіп, жаңбыр жауып күн суытты. Қатты жел соқты, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түсті. Құстар жылы жаққа ұшып кетіпті.

(Құстардың барлығы ұшып кетпейді екен. Қыстап қалатын да құстар бар екен. Аспан да бұлттанады екен.)

«Күзгі жаттығу»

Жерде шашылған жапырақтар жатыр. Өздерің таңдаған кез келген екі жапырақты алыңдар. *(Әсем әуенмен: Тәрбиеші өлең шумақтарын айтқан кезде, балалар сол өлең шумаққа сай қимылдар жасайды.)*



Жапырақ түсті! Жапырақ түсті! *(Екі қолдарымен қимыл жасау)*
Сары жапырақтар ұшады. *(Сары жапырақтар ортаға түсіп айналады)*

Әдемі сары жапырақтар,

Қалықтап ұшып барады! *(Ортада ұшады)*

Әдемі қызыл жапырақтар! *(Қызыл жапырақтар қосылады)*

Қалықтап ұшып келеді!

Отырады жапырақ! *(Өз орындарында отырып қалады)*

Самал желдің желпуін-ай, *(Қол ү-у-у-у)*

Жапырақтың ұшуын-ай *(Орындарынан тұрып, ұшады)*

Қалықтайды, айналып *(Қолдарын көтеріп айналады)*

Жапырақтың ұшуын-ай. *(Бытырай қашады)*

Бірде сары, быре қызыл жапырақтар баяулап жер бетіне қонады.



(Жапырақтарды жинап қоямыз)

Қимылды ойын: «Өз үйінді тап!»

(Шарты: 4-жеміс әрі 4- түс, ойын топ басшысы болады. Қалған балалар, әуен басталғанда билейді, әуен тоқтағанда өз түсін және үйін табу керек)



(Осы уақытта Ах, Ухты суреп келеді. Ах жыл мезгіліне сай киінген. Ух қалың киініп алған.)

Ах-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Жаңа маған асыр-салып ойнаған балалардың даусы естіліп еді, солар сендер емессіңдер ме?

Тәрбиеші:Сәлеметсіңдер ме!Йя, ол біздің балалар! Сендер кім боласыңдар?

Ах: Мен ауырмайтын, салауатты өмір салтын сақтайтын, дұрыс тамақтанатын, дене шынықтырумен айналысатын адаммын. Ал, мынау менің досым **Ух.**Өзі жаурағыш, тез ауырады. Денсаулығы жоқ бала.

Ах: Ал, сендер-Денсаулықтарыңды қалай сақтайсыңдар?

Балалар:Үнемі жеке бас тазалығын сақтап, күн тәртібін сақтаймыз. Таза ауада ойындар ойнап, спортпен айналысамыз.Біз денемізді шынықтырамыз, дұрыс тамақтанамыз, жемістер мен көкөністерді көп жейміз, дәрумендерге толы шырындар ішеміз. Сондықтан біз көңілдіміз.

Ох: Ох, ох. Ой, ой. Мына күз мезгілі қандай суық еді, жаурап барамын. Осы мезгілді ұнатпаймын. Ох, Ох. Тууууууу, басым ауырып тұр. Көңіл-күйім де болмай тұр.

Сендерге қарап қызығып тұрмын. Бәрің көңілдісіңдер.Сендердің шаттана қуанған дауыстарың алысқа естіліп жатыр. Ал менің ауырғаным басылар емес,тұмау болып қалған секілдімін.

Тәрбиеші: Ах сенің досыңа біз көмектесейік. Ол үшін біз балалармен эстафеталық ойындар ойнайық, бәлкім сырқатынан айығар.

(Ох пен Ах екі команда болып ойын ұйымдастырады)

1.Ойын: «Кедергілерден өту»

Шарты: Әр түрлі кедергілерден өтіп, машинаға тиелген жемістерден, алып келіп себетке саламыз.


(Керек құралдар: Алма, банан, жүк машинасы, кеглилер, шығыршықтар)



2.Ойын: «Кім жылдам?»

Шарты: Қолға қолшатырды алып, тастардың үстімен жүріп өтіп, мәрені айнап келіп қолшатырды келесі балаға беру.

(Керек құралдар: Қолшатыр, су бетіндегі тастар.....




(Ох, терлеп, үстіндегі пальтосын, тұмағын, қолындағы қолғабын, мойнындағы шарфты шешіп, жеңіл киімдерін киеді, қуанып, балаларға рахмет айтып, биге шақырады)

**Спорт сенің серігің-
Жанға дауа, қолға күш.
Сергітетін адамды-
Қимыл менен қозғалыс.**

Би: Флешмоб

(Барлығы бірге билейді)



Ох: Жарайсыңдар, балалар, сендер жылдам, батыл, тез қимылдап қана қоймайсыңдар, сонымен қатар ақылды екенсіңдер.

Жүргізуші: Ах, сенің досың охқа балалармен ойласып жемістерді сыйға тарту етеміз.. Олардың құрамында дәрумендер көп.Есінде болсын, дені сау балаға ешқандай ауру да жоламайды.

(Ах балаларға рахметайтып, досын ертіп қоштасып кетеді)

Бакша дәрігері:*(Балалармен, қонақтармен амандасып, денсаулық сақтау туралы быр-екі ауыз сөз айтып, өзімен бырге әкелген жемісті таратып қоштасып кетеді)*

Тәрбиеші:-Балалар, біз қандаймыз?

-Тазалық сақтап, денені шынықтырып, тамақты дұрыс ішіп, күн тәртібін сақтаймыз.

Рахмет сендерген балалар, сендер бүгін таза ауада өте керемет жаттығулар жасадыңдар!

(Мақтап, мадақтау)